

«Бекітемін»

Мектеп директоры:

Саметова О.Б.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы 9 қыркүйектегі
№ 394 бұйрығына

1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 557 бұйрығына
1-қосымша

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың
оқу жұмыс жоспары
2022-2023 оқу жылы

Рет №	Ұйымдастырылған іс-әрекет*	Жас топтары		
		кіші топ (2 жастағы балалар)	ортаңғы топ (3 жастағы балалар)	ересек топ (4 жастағы балалар)
1	Дене шынықтыру	аптасына үш рет	аптасына үш рет	аптасына үш рет
	Дене шынықтыру**	күн сайын	күн сайын	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын	күн сайын	күн сайын
	Қазақ тілі	-	аптасына бір рет	аптасына бір рет
	Қазақ тілі ***	-	күн сайын	күн сайын
3	Сауат ашу негіздері	-	-	-
4	Математика негіздері	-	күн сайын	күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын	күн сайын	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын	күн сайын	күн сайын
	Мүсіндеу	күн сайын		
	Жапсыру	күн сайын		
	Құрастыру	күн сайын		
7	Музыка	аптасына бір рет	аптасына бір рет	аптасына екі рет
	Музыка****	күн сайын	күн сайын	күн сайын
8	Арнайы түзетуші іс-әрекет*****	күн сайын	күн сайын	күн сайын

Тәрбиешілер: Ахметова С.К
Мусабекова А.Т

Шоқан Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің 2023-2024 оқу жылына арналған «Айгөлек» шағын орталығының үлгілік оқу жоспарына

Түсініктеме хат

*Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

** Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

***Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

****Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

***** Арнайы түзетуші іс-әрекет арнайы мектепке дейінгі ұйымдарда, мектепке дейінгі ұйымдардың арнайы топтарында мүмкіндігі шектеулі балалар үшін жүргізіледі.

*****Балабақшада балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, 2 жастағы, 3 жастағы, 4 жастағы балаларды тәрбиелеу. Балаларға ойын арқылы білім беру. Ойлау қабілеттерін арттыру, дамыту

Тәрбиешілер: Ахметова С.К
Мусабекова А.Т